

Қазақстан Республикасының халқына біржолғы ақшалай өтем төлеуді тәртіпке келтіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 02 наурыздағы N 0271

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасы Халық банкінің мекемелеріне Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарға өтем төлеуге ұсынған тізімдерінде көптеген жолсыздықтар мен қателердің табылуына байланысты және қаражатты ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

- 1996 жылғы 1 сәуірге дейін барлық ұйымдарда "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 12 желтоқсандағы N 1787 Қазақстан Республикасының Заңына және "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 22 желтоқсандағы N 1788-XII қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 мамырдағы N 431 P930431_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 18, 223-бап) сәйкес азаматтарды тіркеу, оларға біржолғы ақшалай өтем тағайындау мен төлеудің дұрыстығына толық тексеру жүргізсін;

- 1996 жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде біржолғы өтем алуға құқылы азаматтардың нақтыланған тізімін Қазақстан Республикасының Халық банкіне т а п с ы р с ы н ;

- анықталған жолсыздықтарға кінәлі адамдарды қолданылып жүрген заңға сәйкес жауапқа тартсын және жол берілген артық төлемнің өтелуіне шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Халық банкі:

- облыстардың және Алматы қаласының әкімдерінен нақтыланған тізімдерді алғанға және оның дұрыстығын тексергенге дейін ақшалай өтем төлеуді тоқтатсын;

- 1996 жылдың 1 сәуірінен бастап зейнеткерлерге кезең-кезеңмен ақшалай өтем т ө л е у д і қ о л ғ а а л с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, "Қазақстан Республикасының халқына біржолғы ақшалай өтем төлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 17 қарашадағы N 1566 P951566_ қаулысына сәйкес облыстардың және Алматы қаласы әкімдерінің Қазақстан Республикасының Халық банкіне ұсынған

нақтыланған тізімдер бойынша, жалпы соманы, төлеу мерзімі мен кезектілігін
а й қ ы н д а с ы н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК